

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ





**Дүкенбай ДОСЖАН,**  
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

## ӘМБЕБАП ҚАЛАМҒЕР

Абайдың сөзі бар ғой, «Артық ғылым кітапта» деген. Содан шығарып айтатын болсақ, бір елді араламай-ақ, бір ғылымның ішіндегі білімді кітаптан ғана таптым. Мен осы кітаптың арқасында Мигель Ордоньес деген азаматпен, Джеффри Секстон мырзамен таныстым. Ол да жазушы екен. Уильям Фолкнер өте қатты сүйіп оқитын жазушымын. Аты дардай жазушылардың есімдерін не үшін тізбектеп отыр деп отырған боларсыздар? Бақытқожа Рүстемовтің Америка жазушылары туралы жазылған қарыстай қалың кітабын оқып шыққаннан кейінгі әсерім бұл. Мен білетіннен бөлек, білмейтін жазушылар біршама көп екен. Осы кітаптан Америка жазушылары туралы көп мағлұмат алдым. Өте терең зерттеліп жазылған еңбек. Тіпті, біздің заманымыздан 2-3 ғасыр бұрын өмір сүрген жазушылар туралы мәліметтер бар. Жалпы, Америка әдебиетінің қалыптасуы, оның дәстүрі, қоғамының дамуы, өрлеуі, қазірге дейінгісі түгел энциклопедиялық ұғымға сиятындай етіп бір кітапқа тоғысқан. Энциклопедиялық мәлімет беретін кітап жазу, үлкен білімділікті қажет етеді.

Сонымен бірге, Ұлы Қытай өркениеті туралы кітабын оқып отырып, тұщымды ойлармен жазылған екеніне көзім жетті. Зерттеуші, әрі ғалым, лингвист, әдебиетші, философ адам жаза алатындай дүние. Бірақ, Бақытқожаның экономист екенін ескерсек, оның бұл ісін нағыз таланттылық деп бағалауға болады. Бақытқожа Рүстемов қай ел туралы қалам тербесе де, сол елдің өркениеті, мәдениеті, рухы, діні, танымына жан-жақты шолу жасайды. Бұндай шолу жасау үшін үлкен қажыр-қайрат керек деп ойлаймын. Менің ойымша, Бақытқожа Рүстемов бір кітап жазу үшін, жүздеген кітап ақтарған. Кеңес Одағы тұсында, Мәскеуге барған бір сапарымда жазушылардың 14- съезінде делегат болдым. Сонда, шашы өте қалың, тұрқы кішкентай Азиз Несин деген түрік жазушысымен таныстым. Бірнеше романын оқып шықтым. Содан кейін қасына жетіп барып, «Сіз байсыз ба?», – деп сұрадым. Сонда ол кісі: «Мен рухани баймын, жүзге тарта роман жаздым, бірақ ақшам аз. Түнімен роман жазам, кешке жақын Стамбулдың екі көшесінде он шақты киоскам бар. Сол киоскаларымды бақылап, кітаптардың

қалай өтіп жатқанын қарап жүрем», – деді. Яғни, түнде кітап жазады, күндіз кітап сатады. Бұл Түрік классигінің айтқан сөзі. Думада аудармашы болып жүргенімде, баяғы Шекспирді аударған әдебиеттің үлкен лидері Ложинскийді жолықтырдым. Сол жерде Дмитрий Урновпен таныстым. Бақытқожа Рүстемов те оны білуі керек. Менің айтқым келгені, қазір бізде Бақытқожаның жасап жүрген жұмысын жасайтын адам жоқ. Әдебиеттің корифеилерін жазған кісілер, әрине, жетерлік. Мысалы, Серік Қирабай, Мырзатай Жолдасбеков ағаларымыз. Осылардың барлығы әдебиеттің калифилерін жазды. Ал, мәдениеттің калифилерін, философияның, тарихтың калифилерін жазып келе жатқан осы Бақытқожа. Қытайға барсам деген ойым бар еді, бірақ одан бас тарттым. Неге дейсіздер ғой? Қытайға сапарлайтын уақытымда Бақытқожа Рүстемовтың «Великий Китай» деген кітабын оқып шықтым, осының өзі жетеді маған.

Әр жазушы, әр кітап туралы толғаныста болып, соны қағаз бетіне түсіре білу үлкен шеберлікті қажет ететін дүние. Кітап жазып, құнды дүние жасап, үлкен-үлкен тың құрылымдарды пайда қылып, жасаған дүниелері арқылы жастарға ақыл айтып жатыр. Сондықтан, Бақытқожаның да, оның кітаптарын оқыған оқырманның да ішкі жан дүниелері бай. Оның бір кереметі жас па, жасамыш па, халықтың күштілігін ашып беруінде. Жазушы жан тәнімен беріліп шығарма тудырса, қандай кезең болмасын бағаланары анық. Кітаптары арқылы ішкі дүниесі, жүрегі жасарып жүрген Бақыт Рүстемовтің мен Фидель Кастроның жасына жетеді деп ойлаймын. Фидель Кастроның рухындай мықты сезімі болсын, мықты духы болсын. Мен бір әдемі эссе жазып қойдым, осы Бақыт Рүстемовтің еңбегі туралы. Лайым өркендеп өссін! Қазақта айтады ғой, «ел болмағы елшіден, жау болмағы жолшыдан» деп. Қазір мұхиттың ар жағындағы елді достастырмақ түгіл, бір ауылға басы сыймай жүргендер бар. Ал бұл, мұхиттың ар жағындағы Шығыс пен Батысты туыстыстырып жүрген азамат. Рухымызды жақындастырып жүрген қазақ. Бақыт Рүстемов арқылы мен жапонды таптым, кәрісті таптым, американдық классиктерді таптым. Рақмет айналайын, көп жаса! Атаңның жасына жет!